



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

колонизировали весь Индокитай (Вьетнам, Камбоджа и Лаос) с 1863 по 1884 годы и арендовали территорию на полуострове Ляочжоу. Хотя монархии в Китае, Японии и Таиланде не были полностью подчинены, они были вынуждены открыться. Их правительствам пришлось изучать новые методы картографирования и демаркации сухопутных границ, очерчивать территориальные воды, устанавливать флаги и устанавливать маркеры суверенитета на островах. К концу XIX века Великобритания, Франция, Япония и Китай выдвинули конкурирующие претензии к островам Спратли. Следовательно, британская корона официально заявила об этих двух островах еще в 1877 году [7].

Несмотря на то, что в регионе Южно-Китайского моря действовали не только лишь китайское правительство, но также и другие акторы, то заявления КНР о том, что исторически всегда данный район всегда принадлежал ей, категорически не верны. Таким образом, каждый акт КНР сопровождался бурными заявлениями, в которых утверждалось неоспоримые претензии на острова, ссылаясь на историческую принадлежность. После ухода колониальной Франции и обретения независимости рядом бывших колоний, таких как Вьетнам и Филиппины, из года в год активность стран в регионе ЮКМ только повышалась. Это связано в первую очередь с формированием собственной внешней политики бывших колоний. Правительства Вьетнама, Филиппин, Малайзии понимали не только весомость и значимость района, но и эти территории непосредственно входили в их ИЭЗ. И этот факт по сей день определяется как решающий фактор отстаивания островными и континентальными странами своих претензий на острова Южно-Китайского моря.

Список использованных источников:

1. Kompas, 17 November 1983. Kompas is an Indonesian national newspaper
2. WAR OR PEACE IN THE SOUTH CHINA SEA, Timo Kivimäki 2011
3. Marwin S. Samuels, Contest for the South China Sea 2003
4. Conflicting territorial claims in the South China sea, Jean Ver Pugal Pia, 2003
5. WAR OR PEACE IN THE SOUTH CHINA SEA, Timo Kivimäki 2011
6. WAR OR PEACE IN THE SOUTH CHINA SEA, Timo Kivimäki 2011
7. China versus Vietnam: An Analysis of the Competing Claims in the South China Sea Raul (Pete) Pedrozo 2014
8. Sovereignty over Pulau Ligitan and Pulau Sipadan (Indonesia/Malaysia), Judgment, I.C.J 2010
9. China versus Vietnam: An Analysis of the Competing Claims in the South China Sea Raul (Pete) Pedrozo 2014

ӘОЖ 327(410)

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ПОСТКОЛОНИЯЛДЫ КЕЗЕҢДЕГІ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘНІ

Дусанова Балкумус Махаммадкаримқызы

Dusanova_98@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті

Аймақтану мамандығының 2 – курс студенті, Астана Қазақстан

Ғылыми жетекші – П.Қ.Қилыбаева

Ұлы географиялық ашулар кезеңі тарихтағы маңызды кезеңдердің бірі саналады. Бұл, өйткені, Әлем картасын қайта, жаңадан, нақты мәліметтерге сүйене отырып жасауға, жаңа елдерді танып білуге, жаңа отар елдердің пайда болуына негіз болды. Барлығынан кейінірек экспедицияға шықса да Англия өзінің қуатты мемлекет екенін көрсете білді. Ұлы теңіздік державаға айналды: қазір де бірнеше бұрынғы отар елдеріне ықпал етіп отыр және ағылшын

тілі де әлемдік тілге айналды. Бұл мақала бұрынғы ірі державаның қазіргі жағдайына, бұрынғы отар елдері есебінен ықпал ету аймағына, саясатына зерттеу жасайды. Тақырыптың өзектілігін Ұлыбританияның қазірде саяси аренада жеткен жетістіктерінен көруге болады. Әрине, оны ұғыну үшін ең бірінші тарихқа үңілу керек, себебі ол тікелей тарихпен байланысты екенін біз білеміз.

Екінші дүниежүзілік соғыстан жеңімпаз елдер қатарында болып шыққанмен де, Ұлыбританияның экономикалық және саяси позициясы едәуір әлсіреді. Ол АҚШ-қа ұзақ уақыт бойы экономикалық және саяси тәуелді болып қалды. Ұлыбритания өнеркәсіп өндірісінің даму қарқыны тұрғысынан ірі жетекші капиталистік елдерден көп кейін қалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Британ империясының да отарлық жүйесі күйрей бастады. Ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі Ұлыбританияны отар елдерінің бәріне дерлік тәуелсіздік беруге мәжбүр етті. Отарлық империяның ыдырауы ағылшын империализмін күрт әлсіретті, бірақ Ұлыбритания көптеген бұрынғы иеліктерінде едәуір экономикалық және саяси позицияны сақтап қалды.

«Ұлттар достастығы» терминін бірінші 1884 жылы Ұлыбритания премьер-министрі Лорд Розберри енгізді. «Достастық» 1887 жылы Лондонда өткен колониялық конференцияда жаңа отарлық саясаттың негіздерін бүркемелеп тұрды. Енді жерде озық дамыған колонияларға доминион мәртебесі беріліп - автономды квазимемлекеттік құрылымдар (кейінірек - тәуелсіз мемлекеттер) ретінде Британ Достастығы құрамына кірді, ол барлық Британ бірлестіктерін бірігуге шақырды. Бұл доминиондар: Канада, Австралия Достастығы, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка Одағы, Ньюфаундленд және Ирландия болды.

Конференция барысында 1926 жылы Ұлыбритания премьер-министрі және британдық иеліктер «Ұлыбритания мен осы мемлекеттердің тең мәртебесі бар және онда кез келген олардың ішкі немесе сыртқы саясатының аспектісі бір-біріне тәуелді емес екенін бекіткен Бальфур декларациясы қабылданды. Тәжге адалдығын білдіре отырып, Британ достастығына еркін мүшелікке ие болды [1].

Достастықтың құқықтық мәртебесі – Вестминистерлік атау алып 1931 жылы 11 желтоқсанда бекітілді де, 1947 жылға дейін өз күшінде болды. Декларация бойынша «Достастық» басшысы – британ монархы.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Британия үкіметінің қаржылық қиындықтарға душар болуы, британдық иеліктерде ұлт-азаттық қозғалыстар өсуі Британ отаршыл империясының құлауына келді. 1946 жылдан бастап, «Британдық Достастық» жай ғана «Достастық» деп аталды.

1947 жылдың өзінде Үндістанның тәуелсіздік алуы және (мемлекеттің британдық монарх басқаруынан бас тарту) оның республикалық үкімет түрінде құрылуы «Достастық» ұйымының негіздерін түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Атап айтқанда, ол ұйымның атауын өзгертті, және оның қызметінің басым міндеттері - гуманитарлық миссияларға, білім беру қызметіне және т.б ауысты. «Достастық» экономикалық деңгейдің өсуі негізінде қатарына мемлекеттер еркін ене алатын ұйым ретінде қарастырылады [2].

Бирма және Аден, (басқа көптеген отар елдерден айырмашылығы) 1948 және 1967 жылдары тәуелсіздік алып, тиісінше Ұлыбританияның бұрынғы отар елдері еді, бірақ «Достастық» құрамына кірген жоқ. Бұрынғы протектораттықтар мен Ұлттар Лигасының мандаттық аумақтары арасынан «Достастыққа» Египет (1922 жылы тәуелсіз болды), Израиль (1948), Ирак (1932), Бахрейн (1971), Иордания (1946), Кувейт (1961), Катар (1971) және Оман (1971) кірген жоқ. Ирландия 1949 жылы республикалық басқару формасын жариялай отырып «Достастықтан» ресми түрде шықты, ал Оңтүстік Африка республикасы 1961 жылы (Оңтүстік Африканың «Достастыққа» мүшелігі 1994 жылы маусымда қалпына келтірілген). Осыған қарамастан, 1949 жылғы Ирландия Заңына сәйкес Ирландия Республикасының азаматтары «Достастық» елдерінің азаматтарымен тең құқық мәртебеге ие [3].

Республикалық басқару формасы мен «Достастық» мүшелері арасындағы қақтығыс мәселесі Лондонда 1949 жылғы сәуірде «Достастық» елдері премьер-министрлерінің

отырысында шешілді. Үндістан Республикасы жарияланған кезде, 1950 жылдың қаңтарынан бастап британдық монархты ««Достастықтың» тәуелсіз мүше - мемлекеттері мен басшыларының еркін қауымдастығының символы» ретінде тануға келісті. Достастықтың басқа мүшелері өз тарапынан Үндістанның ұйымға мүшелігін сақтауды қолдады. Пәкістанның талабы бойынша басқа мемлекеттерге ұқсас шешім қабылданатыны шешілді. Лондон декларациясы Достастық негізі қалануының қазіргі заманғы құжаты ретінде жиі қабылданады.

«Достастыққа» сонымен қатартікелей британдық монархқа бағынатын генерал губернаторлар арқылы басқарылатын Корольдіктер Достастығы (Ұлыбританиядан басқа) 16 мемлекет кіреді. Ол сондай-ақ Достастықтың басшысы болып табылады; алайда бұл Достастыққа мүше мемлекеттердің үстінен жүргізілетін қандай да бір саяси билік дегенді білдірмейді және автоматты түрде британдық монархқа қатысты қолданылмайды. «Достастыққа» қатысушы мемлекеттердің көпшілігі британдық монархты мемлекет басшысы ретінде мойындамайды. Бұл, алайда, Достастықта оның мәртебесіне кері әсер етпейді. Достастық саяси бірлестік болып табылмайды, және оған мүшелік еткендерге Ұлыбритания тарапынан ешқандай саяси ықпал етуге мүмкіндік берілмейді [4].

1945 жылға дейін өмір сүрген Британдық Достастық пен доминиондар өсуіне байланысты («доминион» сөзін ресми пайдалану 1940 жылдан басталады) ұйым бейресми түрде «Ескі Достастық» деп атала бастады, әсіресе 1960 жылдары Африка мен Азияда «Достастыққа» мүше жаңа тәуелсіз мемлекеттердің санының өсуін жақтырмаған кейбір бай мемлекеттер арасында бұл атау көптеп тарады. Бұл шиеленістер Ескі, «Ақ» Достастықты оның мүдделері нәсілшілдік пен отаршылдық алымдар сипатынан ұйымның Африкалық мүшелерінің мүдделерінен айырмашылық жасайды деген айыптар, бастаған 1970 жылы Оңтүстік Родезия бойынша қаһарлы пікірталастарға, 1980 жылдары Оңтүстік Африкаға санкциялар жариялау менсодан кейін Зимбабведегі жағдайға байланысты Нигерияда демократиялық реформаларды қабылдауға алып келді. Атап айтқанда, Зимбабве Президенті Роберт Мугабе жиі Достастық тарапынан болатын колониализм мен расизм ықпалынан өзінің саяси өзгерістер жасауға мәжбүр екенін айтып, ұйымды жиі «Ақ Достастық» деп атайды.

Достастық елдерінің жалпы саны 1,8 миллиардқа жуық, немесе әлем халқының шамамен 30 пайызын құрайды. Халық саны жағынан алғанда, Үндістан бірінші орынды иеленеді (2001 жылғы халық санағы бойынша, 1 миллиард адам), одан кейін Пәкістан, Бангладеш және Нигерия (олардың әрқайсысы 100 миллионнан асады); ең аз халық Тувалуда - 12 мың адам, Достастық елдерінің аумағы әлем елдері аумағының төрттен бір бөлігін құрайды. Олардың ең үлкені - Канада, Австралия және Үндістан.

Достастыққа мүшелік оның қызметінің негізгі мақсатын қабылдауға дайын барлық елдер үшін ашық болып табылады. Сондай-ақ мүшелікке кандидаттың Ұлыбритания немесе Достастықтың кез келген басқа мүшесімен арасындағы бұрынғы немесе ағымдағы конституциялық байланыстары болуы тиіс. Бірақ ұйымның барлық мүшелерінің Ұлыбританиямен тікелей конституциялық байланысы жоқ - мысалы, Оңтүстік Тынық мұхит мемлекеттердің кейбірі Австралия және Жаңа Зеландияның қол астында болған, 1920 жылдан 1990 жылға дейін Намибия - Оңтүстік Африка Республикасы бақылауында болды. 1995 жылы Камерун Достастыққа мүше болды. Британдық бақылауда Ұлттар Лигасы (1920-1946) мандаты бойынша және Біріккен Ұлттар Ұйымы арқылы қамқоршылыққа келісім алған (1946-1961) аумақтары ғана қалды [5].

Алғаш рет Ұлыбританиямен байланыс орнату туралы ереже бұрынғы Португалия колониясы - Мозамбикке қатысты бұзылды, ол 1995 жылы Оңтүстік Африка Республикасының Достастыққа мүшелігі салтанатты түрде қалпына келгеннен және Мозамбик Республикасында алғашқы демократиялық сайлау өткізілгеннен кейін Достастыққа қабылданды. Оның Достастыққа мүше көрші елдері Мозамбиктің ұйымға кіруін сұрады және Мозамбикке Оңтүстік Родезия (қазір Зимбабве) және Оңтүстік Африкада ақ азшылық режимге оппозиция кезінде ел экономикасына келтірілген шығынның алдын алуға

көмектесуге дайын болды. Соған қарамастан 1997 жылы Достастыққа мүше мемлекеттердің басшылары Мозамбик мәселесін болашақ үшін прецедент жасайтын және ерекше мәселелердің бірі ретінде қарастырылуы керек деп шешті.

2009 жылдың 29 қарашасында африкалық ел – Руанда Достастықтың 54-ші мүшесі болды. Бұл туралы Тринидад пен Тобагода өткен Достастықтың кезекті саммитінде жарияланды. Германия мен Бельгияның бұрынғы отары – Руанда Достастық құрамындағы Ұлыбританиямен конституционалдық немесе колониалды байланысы болмаған екінші ел болды.

Францияның Достастыққа мүше болуы туралы Франция президенті Шарль де Голль екі рет өтініш берді; алайда бұл ойы ешқашан іске аспады, бұны Уинстон Черчилльдің соғыс жылдары Франция мен Ұлыбритания үкіметтерін біріктіру идеясының жалғасы ретінде қарастыруға болады.

Дэвид Бен-Гурион Израильдің Достастыққа кіруі ұсынысын жасады, бірақ израильдіктердің көпшілігі бұл ұйымға мүшелік Ұлыбританияға тәуелділікті білдіреді деп ұсынысты қабылдамады, сондай-ақ, Достастық та ұсынысты қабылдамады, өйткені бұл Израильді қолдау қажеттілігін білдіреді.

Бахрейн, Иордания, Кувейт және Оман секілді Египет пен Иракта Достастыққа қосылуға ешқашан ниет білдірген емес. Бұрынғы Британ колониясы, 1776 жылы құрылған Америка Құрама Штаттары да, және 1997 жылы Британдық басқарудан азат болып, ҚХР-ның арнайы әкімшілік ауданына айналған Гонконг та кірмеді.

Әрбір елдің Достастықтан біржақты шығуға сөзсіз құқығы бар. 1972 жылы Достастықтың Бангладеш мемлекетінің тәуелсіздігін мойындағанына наразылық білдіру мақсатында Пәкістан мүшеліктен шықты. 1989 жылы Пәкістан қайта ұйымға оралды.

Фиджи 1987-1997 жылдары мемлекеттік төңкеріс кезінде ұйымнан шығарылды, оның нәтижесінде мемлекетте республика жарияланды. 2009 жылғы 1 қыркүйекте Фиджидің мүшелігі «толықтай тоқтатылды», себебі Британия Достастығының осы елде демократиялық сайлау өткізу туралы талаптары белгіленген уақытта орындалмады.

Мүше мемлекеттердің үкімет басшылары адам құқықтары бұзушылықтары және демократиялық басқару нормаларына байланысты Достастық көшбасшылары мен министрлері отырыстарына Зимбабвенің қатысуын тоқтата тұру туралы шешімнен бас тартқан соң Зимбабве 2003 жылы Достастықтан шықты. Зимбабведегі жағдай Африка елдерінің қара нәсілді халықтарының Лондонды отаршылдық іс-әрекеттерге айып тағуы – ал Ұлыбритания, Австралия, Жаңа Зеландияның ақ нәсілді халықтары адам құқықтарын бұзды деп Mugabe режимін жазалауды талап еткенінен Достастықта осы халықтар арасындағы жаңа қайшылықтарға әкеп соқты.

Алайда Достастық мүше мемлекеттердің үкімет басшылары кейбір елдердің ұйымға қатысуын тоқтата тұруға құқылы болғанымен, бұл мүмкіндікті ешқандай құжаттармен расталмаған. Сонымен қатар Достастық (Достастық Realms) құрамындағы мемлекеттер өздерін республика деп жариялаған күннен Достастықтың басқа мүшелерінен орнын сақтауға өтініш білдірмесе автоматты түрде Достастықтан шығарылады. Ирландия тараынан мұндай өтініш жасалған жоқ, себебі 1949 жылы бұндай норма болмады. Достастыққа Ирландияның қосылуы туралы мәселе бірнеше рет көтерілді, бірақ жергілікті халық Достастықты Британ империализмі ретінде қабылдап бұл ұсынысты қолдамады. Ирландия Достастықтан шығып, өз мүшелігін қайта қалпына келтірмеген бірінші ел болды.

Оңтүстік Африка Республикасында апартеид саясатының жүргізілуінен Достастықтың көптеген мүшелері - Азия, Африка және Канада елдері, оның Достастыққа мүшелігін жалғастыруына қарсылық білдіргеніне байланысты 1961 жылы республика жарияланғаннан кейін бұл мемлекет өз мүшелігін жоғалтты. Оңтүстік Африка үкіметі мүшелікті жалғастыруға өтініш бермеді, себебі оның қабылданбайтынына сенімді болды. Оңтүстік Африка Республикасының Достастыққа мүшелігі апартеид саясаты аяқталғаннан кейін 1994 жылы қалпына келтірілді.

1987 жылы Фиджи аралдарында республика жариялағаннан кейін, Достастыққа

мүшелікті қалпына келтіру туралы өтініш тек 1997 жылы ғана берілді.

Соңғы жылдары Достастыққа мүше мемлекеттердің «Достастық кеңесі қызметінде» (мүше елдердің көшбасшылары мен министрлерінің кездесулерінде) Достастыққа мүшелікті тоқтатуға байланысты демократиялық басқару стандарттары сақталмаған бірнеше жағдайлар болды. Бұл шара Достастықта осы мемлекеттердің мүшелігін тоқтатпайды.

Бұл шара Фиджиге қарсы 2000-2001 жылдары және 2006 жылдан бастап әскери қақтығыстар кезінде және Пәкістанға қарсы 1999-2004 жж. және 2007 жылдың қараша айынан ұқсас себептер бойынша қолданылды.

Нигерия 1995-1999 жылдардағы кездесулерге қатысқан жоқ. 2002 жылы Зимбабведе осындай шара қолданылды (оның себебі- Роберт Мугабенің үкіметінің сайлау және жер реформасы).

Дәстүр бойынша, Достастықтың басшысы Ұлыбританияның монархы деп жарияланған, қазіргі уақытта Ұлыбританияның патшайымы Елизавета II осындай мәртебеге ие. Достастықтың басшысы ретінде ол қандай да бір ресми функцияларды атқармайды және ұйымның күнделікті қызметінде оның рөлі тек символдық сипатта болады. Достастықтың 17 мемлекетінде британдық монарх бүгінгі күнге дейін мемлекеттің де-юре басшысы болып табылады, бірақ ресми функцияларды орындамайды.

Осы зерттеу жұмысы арқылы біз Ұлыбританияның Британ Достастығындағы мемлекеттерге қандай қарым-қатынаста екенін анықтап, сұрағымызға жауап таптық. Әрине, өнеркәсіп алғаш пайда болып дамыған елдің біріншіден экономикасы дамыған, екіншіден бұрынғы ең ірі теңіздік державалардың бірі – қуатты отарлық империяның әлемде белгілі бір ықпалының болуы заңдылық. Достастық құрамындағы 53 мемлекеттің 17-не тікелей ықпалдық жасайтынын білдік. Десек те, Ұлыбритания Достастыққа мүше мемлекеттерде демократиялық көзқарасты қолдайды. Осы елдер арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ат салысады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Из истории европейского парламентаризма», Москва, 1995. Е.В.Гутнова, С.П.Пожарская, М.П.Айзенштат, Л.П.Репина (182-187 б)
2. «Англия и англичане», Москва, 2004, Г.Виллиам (20-24; 31-35 б)
3. «Царствование королевы Виктории» М.М.Коваленский Москва, 2004, (114-134б)
4. «Glimpses of world history», London, 1949. J.Nehru
5. «Frontiers and Wars» London, 1962, Winston S.Chirchill

УДК 327.5; 339.9

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ СУБАЙМАҚТЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

Дюсенова Арна Толегеновна

arna.dyussenova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Аймақтану кафедрасының магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Ғ.Даркенов

Аймақтық ұйымдар белгілі бір географиялық аймақ, геосаяси құрылым немесе экономикалық блокпен ортақ сәйкестікті дамытуды қалайтын мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық тетіктерін ынталандыру үшін құрылған. Сондықтан аймақтық ұйымдар өздерінің негіздерінде біріктіретін факторларға байланысты: географиялық (Африка бірлігі одағы), мәдени (Ислам ынтымақтастық ұйымы), геосаяси (Солтүстік Атлантикалықкелісім ұйымы) немесе экономикалық (Оңтүстік-Шығыс Азия елдері ассоциациясы) [1].

Орталық Азия мемлекеттерінің арасында Түрікменстан тәуелсіздік алғаннан бері